

**Ішкі істер органдарына кіретін адамдар үшін алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеу қағидаларын және одан өту шарттарын, сондай-ақ оларды алғашқы кәсіптік даярлықтан шығару негіздерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 13 наурыздағы № 211 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 16 наурызда № 20123 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 22.09.2025 № 700 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі**

Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-1-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 22.09.2025 № 700 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Ішкі істер органдарына кіретін адамдар үшін алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеу қағидалары және одан өту шарттары, сондай-ақ оларды алғашқы кәсіптік даярлықтан шығару негіздері бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 22.09.2025 № 700 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы 2011 жылғы № 23 "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы, кіші және орта басшы құрамдағы лауазымдарына бірінші рет қабылданатын адамдардың арнайы бастапқы оқудан өту ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 26 сәуірдегі № 187 бұйрығының (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6978 болып тіркелді 2011 жылғы 8 маусымда №180 (26601) "Казахстанская правда" газетінде жарияланды) күші жойылды деп есептелсін.

3. Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің Кадр саясаты департаменті (А.М.Сайтбеков) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықта Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және міндетті ресми жариялауға жатады.

*Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрі*

*Е. Тургумбаев*

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2020 жылғы 13 наурыздағы  
№ 211 бұйрығымен  
бекітілген

**Ескерту.** Оң жақ жоғарғы бұрышына орыс тілінде өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Ішкі істер министрінің 22.09.2025 № 700 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**Ішкі істер органдарына кіретін адамдар үшін алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеу қағидалары және одан өту шарттары, сондай-ақ оларды алғашқы кәсіптік даярлықтан шығару негіздері**

**Ескерту.** Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 22.09.2025 № 700 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**Ескерту.** Қағида жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 17.01.2023 № 21 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Ішкі істер органдарына кіретін адамдар үшін алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеу қағидалары және одан өту шарттары, сондай-ақ оларды алғашқы кәсіптік даярлықтан шығару негіздері (бұдан әрі - Қағидалар) "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-1-тармағына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленген және ішкі істер органдарына кіретін адамдар үшін алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеу тәртібін және одан өту шарттарын, сондай-ақ оларды алғашқы кәсіптік даярлықтан шығару негіздерін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 22.09.2025 № 700 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Ішкі істер органдары (бұдан әрі - ПО) қызметіне қатардағы, кіші және орта басшы құрамы лауазымдарына кандидаттардың кіруі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі - ИМ) білім ұйымдарында алғашқы кәсіптік даярлықтан өткен соң ғана жүзеге асырылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 22.09.2025 № 700 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Алғашқы кәсіби даярлыққа іріктеуге қатысу бойынша шығындарды (іріктеу жүргізу орнына бару және кері қайту жол ақысы, медициналық комиссиядан өту, тұрғылықты орынды жалға алу, тұру) кандидат өз қаражаты есебінен жүргізеді.

## **2-тарау. Алғашқы кәсіптік даярлауға іріктеуді ұйымдастыру**

4. ИМ орталық аппаратының кадр саясаты бөлінісі жыл сайын 1 желтоқсанға дейін ИМ ведомстволарының, ИМ және оның ведомстволарының қарамағындағы аумақтық органдардың, ИМ және оның ведомстволарының қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің кадр қызметтерінің бөліністері берген өтінімдер негізінде келесі күнтізбелік жылға арналған алғашқы кәсіби оқытудың жоспар-кестесін әзірлейді және ішкі істер Министрі бекітеді.

5. ИМ-нің білім беру ұйымдарына алғашқы кәсіптік оқытуға кандидаттарды іріктеуді ұйымдастыру бос лауазымдары бар ИМ ведомстволары, ИМ және оның ведомстволарының қарамағындағы аумақтық органдар, ИМ және оның ведомстволарының қарамағындағы мемлекеттік мекемелер жүзеге асырады.

6. Кандидаттарды іріктеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру ИМ ведомстволарының, ИМ қарамағындағы аумақтық органдардың, ИМ қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің және оның ведомстволарының кадр қызметіне жүктеледі және өзіне бірқатар іс-шараларды қамтиды:

- 1) ақпараттық-ұйымдастырушылық;
- 2) кандидаттардың өтініштері мен құжаттарын, оның ішінде электрондық форматта қабылдау;
- 3) кандидат туралы мәліметтерді зерделеуі;
- 4) қызметке жарамдылығын анықтау және полиграфологиялық зерттеу үшін кандидаттарды ПО әскери-дәрігерлік комиссияларына (бұдан әрі – ӘДК) медициналық куәландыруға жіберу;
- 5) кандидаттардың жеке істерін қалыптастыруы;
- 6) алғашқы кәсіптік даярлыққа кандидаттарды іріктеуді жүргізу;

7) іріктелген кандидаттарды ІІМ білім беру ұйымдарына алғашқы кәсіптік даярлыққа жіберу.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 03.07.2023 № 544 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Халықты хабардар ету бос лауазымдар және оларға қойылатын біліктілік талаптары, ІІО-ға қызметке қабылдаудың тәртібі және қызмет шарттары туралы мәліметтерді, құжаттарды қабылдаудың басталу және аяқталу күнін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтиды.

8. Іріктеуге қатысуға ниет білдірген Қазақстан Республикасының азаматтары ІІМ ведомстволарының, ІІМ қарамағындағы аумақтық органдардың, ІІМ қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің және оның ведомстволарының кадр қызметтеріне мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) жеке сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, еркін нысанда өтініш;
- 2) кандидаттың дербес деректерін жинауға, өңдеуге келісімі;
- 3) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауалнама;
- 4) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кадр есебі бойынша толтырылған жеке іс парағын;
- 5) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өз қолымен жазылған немесе басылған түрде толық толтырылған өмірбаянды;
- 6) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін;
- 7) еңбек қызметін растайтын құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмесін (болған кезде);
- 8) әскери билеттің немесе шақыру учаскесіне тіркелгені туралы куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесін (қолда бар болса);
- 9) кандидаттың соңғы жұмыс (оқу) орнынан немесе әскери қызметін өтеген әскери бөлімнен мінездемені;
- 10) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

11) алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 03.07.2023 № 544 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен;

12) біліміне, жұмыс тәжірибесі мен кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпарат (біліктілігін арттыру, ғылыми (академиялық) дәрежелер мен атақтар беру туралы, спорттық жетістіктерін дәлелдейтін құжаттардың, мінездемелердің, ұсынымдардың, ғылыми жарияланымдардың және тағы басқаларының көшірмелерін) (болған кезде) тапсырады;

13) екі данада өзіне және жұбайына кірістер мен мүлкі туралы декларация тапсырғаны туралы анықтамалар.

Құжаттар пакетін толық ұсынбау оларды қараудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 8-тармақат өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 03.07.2023 № 544 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Осы бұйрықтың 8-тармағында көрсетілген құжаттарды тапсырғаннан кейін кандидатқа:

1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 2 қарашадағы № 758 бұйрығымен (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21580 болып тіркелді) бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарында әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери-дәрігерлік комиссияларға (бұдан әрі – ӘДК) медициналық және психофизиологиялық куәландырудан өту үшін жолдама беріледі.

Кандидаттың медициналық куәландыру нәтижелері туралы ӘДК үш күндік мерзімде ІМ ведомстволарының, ІМ және оның ведомстволарының қарамағындағы аумақтық органдардың, ІМ және оның ведомстволарының қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің кадр қызметіне хабарлайды;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 маусымдағы № 683 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарында полиграфологиялық зерттеуден өту қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ӘДК-ден өткеннен кейін ІО тиісті бөлінісіне полиграфологиялық зерттеуден өту үшін жолдама берілді.

10. Заңның 11-бабының 6-тармағына сәйкес кандидат ІМ білім беру ұйымында алғашқы кәсіптік даярлықты аяқтағаннан кейін кемінде үш жыл Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында қызмет өткеру туралы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша міндеттеме қабылдайды.

11. Медициналық және психофизиологиялық куәландыруға, полиграфологиялық зерттеуге жолдама берумен бір мезгілде ІМ ведомстволарының, ІМ және оның ведомстволарының қарамағындағы аумақтық органдардың, ІМ және оның ведомстволарының қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің кадр қызметінің қызметкерлері оларға, сондай-ақ жеке парақта көрсетілген жақын туыстарына қатысты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараттық сервисінің есебі бойынша тексеру жүргізеді.

12. Медициналық және психофизиологиялық куәландыру, полиграфологиялық зерттеу нәтижелерін алғаннан кейін кандидаттардың жеке істері қалыптастырылады.

13. Медициналық және психофизиологиялық куәландыру мен тексерудің теріс нәтижелері кезінде үміткерге емдеу және (немесе) Заңның 6-бабы қосымша 2-тармағының 5), 6) және 6-1) тармақшаларында белгіленген мерзімдердің аяқталуы

бойынша іріктеуге қатысу үшін құжаттарды қайта беру мүмкіндігін көрсете отырып, жазбаша дәлелді бас тарту жіберіледі.

14. Міндетті арнайы тексеру жүргізуге арналған материалдар ұлттық қауіпсіздік органдарының бөлімшелеріне жолданады.

Міндетті арнайы тексерудің нәтижесі теріс болған жағдайда ІІМ білім беру ұйымына кандидатты алғашқы кәсіптік оқудан шығару қажеттілігі туралы хат жолданады.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 03.07.2023 № 544 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **3-тарау. Алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеу жүргізу тәртібі**

15. Кандидаттарды іріктеу және алғашқы кәсіптік даярлыққа жіберу қабылдау комиссиясына жүктеледі.

Қабылдау комиссиясы ІІМ ведомстволарының, ІІМ қарамағындағы аумақтық органдардың, ІІМ қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің және оның ведомстволары басшысының бұйрығымен құрылады. Қабылдау комиссиясы кемінде бес адамнан тұрады, қабылдау комиссиясының төрағасы болып ІІМ ведомстволары, ІІМ қарамағындағы аумақтық органдар, ІІМ қарамағындағы мемлекеттік мекемелер және оның ведомстволары бастығының кадр саясатына жетекшілік ететін орынбасары тағайындалады.

Қабылдау комиссиясының құрамына өзіндік қауіпсіздік қызметтерінің, жеке құрам жөніндегі инспекцияның, ардагерлер кеңесінің, Қазақстан Республикасы аумақтық ПО жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың өкілдері енгізіледі.

Әңгімелесу өткізу және әрбір кандидаттың дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді тапсыру бейнежазбаның техникалық құралдарының көмегімен тіркеледі.

Бейнежазбаның техникалық құралдарының көмегімен тіркелген материалдар іріктеу аяқталған сәттен бастап кадр қызметінде кемінде бір жыл сақталады.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 03.07.2023 № 544 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

16. Алғашқы кәсіптік даярлыққа үміткерлерді іріктеу бірқатар төмендегідей жүйелі кезеңдерден тұрады:

1) бірінші кезеңде – қалыптасқан жеке істердің негізінде кандидаттардың тізімдері қалыптастырылады;

2) екінші кезеңде—осы Қағидалардың 17-25-тармақтарының талаптарына сәйкес дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді тапсыру.



3) үшінші кезеңде—қабылдау комиссиясы үміткерлермен, ал үміткердің қалауы бойынша оның ата-анасын, зайыбын (жұбайын) шақыра отырып әңгімелесу өткізеді. Үміткердің ПО-ға қызметке түсу себептері анықталады. Үміткердің назары қызметтегі шектеулерге, болашақ қызметінің сипатына, оны жұмыстан тыс уақытта, демалыс және мереке күндері қызметке тарту мүмкіндігіне, сондай-ақ ПО-да қызмет өткеру кезіндегі жеңілдіктер мен артықшылықтарға аударылады.

Іріктеудің әрбір кезеңінен бір рет қана өтуге жол беріледі. Алдыңғы кезеңнен өтпеген үміткер келесі кезеңге жіберілмейді.

**Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 03.07.2023 № 544 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

17. Дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді тапсыру кезінде кандидаттар:

осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес дене шынықтыру даярлығы бойынша ПО-ға қызметке орналасатын кандидаттардың "А", "Б" және "С" санаттарына;

осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес ПО-ға қызметке орналасатын кандидаттардың медициналық-жас топтарына бөлінеді.

18. "А" және "Б" санатындағы кандидаттардың дене шынықтыру даярлығының деңгейі олардың мына нормативтерді тапсыруы арқылы айқындалады:

1) Ерлер:

таңдауға – 100 метр қашықтыққа жүгіру не сырғымалы жүгіру (10 метр 10 рет);

таңдауға – аспаға тартылу не сырыққа таянып тұрып денені көтеру;

таңдауға – 1000 метр қашықтыққа жүгіру не күш жаттығуларының кешені (жатып тіреніп кеудені жерден көтеру, жатып тірену қалпынан толық отыру қалпына ауысу, арқаға жатып денені көтеру).

2) Әйелдер:

таңдауға – 100 метр қашықтыққа жүгіру не сырғымалы жүгіру (10 метр 10 рет);

таңдауға – арқаға жатып денені көтеру не жатып тіреніп кеудені жерден көтеру;

таңдауға – 1000 метр қашықтыққа жүгіру не жатып тірену қалпынан секіру.

19. Ауа-райы жағдайына не оқу-материалдық базаның ерекшеліктеріне байланысты ПО-ның уәкілетті басшысының не оны алмастыратын адамның шешімі бойынша нормативтерді:

100 метр қашықтыққа жүгіру сырғымалы жүгіруге;

1000 метр қашықтыққа жүгіру ерлер үшін күш жаттығулары кешеніне, әйелдер үшін жатып тірену қалпынан секіруге ауыстыруға рұқсат беріледі.

20. "А" және "Б" санаты бойынша кандидаттардың нормативтерді орындауы осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес ПО-ға қызметке орналасатын "А" және "Б" санаты бойынша кандидаттардың дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді бағалаудың балдық жүйесіне сәйкес бағаланады.

21. "С" санаты кандидаттарының дене шынықтыру даярлығының деңгейі олардың мына нормативтерді тапсыруы арқылы айқындалады:

1) Ерлер:

таңдауға – 100 метр қашықтыққа жүгіру не сырғымалы жүгіру;

800 метр қашықтыққа жүгіру;

күш жаттығулары кешені (аспаға тартылу, аяқтардың қалпын ауыстырып отырып жоғары қарай секіру, жатып тіреніп кеудені жерден көтеру, арқаға жатып денені көтеру, жатып тірену қалпынан отыру қалпына ауысу).

2) Әйелдер:

таңдауға – 100 метр қашықтыққа жүгіру не сырғымалы жүгіру;

800 метр қашықтыққа жүгіру;

күш жаттығулары кешені (арқаға жатып денені көтеру, жатып тірену қалпынан отыру қалпына ауысу).

22. "С" санаты бойынша кандидаттардың нормативтерді орындауы осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес ПО-ға қызметке орналасатын "С" санаты бойынша кандидаттардың дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді бағалаудың балдық жүйесіне сәйкес бағаланады.

23. "А", "Б" және "С" санаты бойынша кандидаттардың дене шынықтыру даярлығы бойынша жеке бағалары осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес ПО-ға қызметке орналасатын кандидаттардың дене шынықтыру даярлығы деңгейін бағалау кестесі бойынша нормативтерді орындаған жағдайда жинаған балдарды ескере отырып айқындалады.

"А" және "Б" санаты бойынша кандидаттар "0" балл, сондай-ақ "С" санаты бойынша кандидаттар нормативтердің біреуінен 50 балдан кем алған жағдайда дене шынықтыру даярлығы бойынша "қанағаттанарлықсыз" бағасы қойылады.

24. Дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді тапсыру барысы техникалық бейнежазу құралдарының көмегімен тіркеледі.

25. Кандидаттардың дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді тапсырудың нәтижелері:

"А" және "Б" санаты бойынша осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес ПО-ға қызметке орналасатын "А" және "Б" санаты бойынша кандидаттардың дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді тапсыру ведомосіне;

"С" санаты бойынша осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес ПО-ға қызметке орналасатын "С" санаты бойынша кандидаттардың дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді тапсыру ведомосіне енгізіледі.

26. Іріктеу қорытындысы хаттамамен ресімделеді. Іріктеуден өткен кандидаттармен іріктеу қорытындыларының хаттамасына қол қойылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде еңбек шарты жасалады. Еңбек шартына қол қойылғаннан кейін ІІМ ведомствосының, ІІМ қарамағындағы аумақтық ведомстволарының, ІІМ



қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің және оның ведомстволарының басшысы кандидатты тағылымдамашы етіп тағайындау және алғашқы кәсіптік даярлыққа жіберу туралы бұйрыққа қол қояды.

Алғашқы кәсіптік даярлықта оқу тағылымдамадан өту кезеңіне кіреді.

Оқуға жіберілген кандидаттарға еңбек шартына сәйкес тағылымдамадан өту уақыты үшін атқарып отырған лауазымы бойынша штат кестесінде көзделген лауазымдық айлықақы төленеді.

ІМ білім беру ұйымдары оқуға жіберген кандидаттармен осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келісімшарт жасасады.

ІМ білім беру ұйымдарына:

- 1) кандидатты алғашқы кәсіптік даярлыққа жіберу туралы бұйрықтың көшірмесі;
- 2) жеке куәліктің көшірмесі;
- 3) білімі туралы құжаттардың көшірмесі;

4) осы Қағидаларға 11-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кандидат туралы мәліметтер жолданады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 03.07.2023 № 544 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 03.07.2023 № 544 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

#### **4-тарау. Алғашқы кәсіптік даярлықтан өту шарттары**

28. Алғашқы кәсіптік даярлықтың тыңдаушысына (бұдан әрі – тыңдаушылар) өзімен бірге:

- 1) жеке куәлігі;
- 2) маусымдық камуфляж түсті форма: жазғы – қалпақ, күрте, шалбар, камуфляж түсті футболка және қара түсті ұзын қонышты бәтеңке; қысқы – камуфляж түсті астары жылы күртеше, шалбар немесе комбинезон, сондай-ақ жүннен тоқылған бөрік және қара түсті ұзын қонышты жылы бәтеңке;
- 3) спорттық форма және аяқ-киім;
- 4) жеке гигиена заттары;
- 5) жазу құралдары болуы қажет.

29. Тыңдаушылар бюджет қаражаты есебінен тамақтанумен және тұрумен қамтамасыз етіледі.

30. Қызметкерлерді даярлаудың барлық бағыттары бойынша алғашқы кәсіптік даярлықта оқыту мерзімі - 9 аптаны құрайды.

Ішкі істер органдарында мемлекеттік әкімшілік және азаматтық қызметшілер лауазымдарында қызмет өткерген адамдар және аттестатталған құрам санатына

ауыстырылатын лауазымдар үшін даярлықтың барлық бағыттары бойынша оқу мерзімі 5 аптаны құрайды және қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып жүзеге асырылады.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 03.07.2023 № 544 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Алғашқы кәсіптік даярлық ІМ әзірлеген үлгілік оқу жоспарларына және ІМ білім беру ұйымының бастығы бекіткен оқу бағдарламаларына сәйкес жүргізіледі.

ІМ білім беру ұйымы білімге ағымдық және қорытынды бақылау жүргізудің нысанын, тәртібін өздігінше анықтайды және ол білім беру ұйымының алқалы басқару органының шешімімен белгіленеді.

Оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысты бір академиялық сағат кемінде 40 минутты құрайды.

32. Тыңдаушылардың оқу сабақтарының барлық түрлері бойынша білімі осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады.

33. Қорытынды бақылауды осы пәнге сәйкес біліктілігі бар оқытушылар, оқу бағдарламасының бөлімдерін оқу аяқталғаннан кейін оқу жұмысына жетекшілік ететін ІМ білім беру ұйымы бастығының орынбасары бекіткен кестеге сәйкес жүргізеді.

Кешенді емтиханды құрамы ІМ білім беру ұйымы бастығының бұйрығымен бекітілетін емтихан комиссиясы жүргізеді. Емтихан комиссияларының құрамы аумақтық ПО қызметкерлерінен (оқытудың тиісті санаттары бойынша), білім беру ұйымының профессорлық-оқытушылық құрамынан, өзіндік қауіпсіздік бөліністері мен ПО ардагерлер кеңесінің өкілдерінен құрылады.

34. Қорытынды бақылаулар бойынша "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған тыңдаушы қайта тапсыруға жіберіледі. Қайта тапсыру бір рет қана өткізіледі.

Қайта тапсыру қорытындысы бойынша "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған тыңдаушылар оқу бағдарламасының талаптарын орындамағаны үшін оқудан шығарылады.

35. Бітіру емтихандарын табысты тапсырған тыңдаушыларға осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес алғашқы кәсіптік даярлықты аяқтағаны туралы қосымшасы бар сертификат беріледі, ол жеке іске тігіледі.

36. Алғашқы кәсіптік даярлықтан өту мерзімі Қазақстан Республикасы ПО-дағы қызмет өтіліне (еңбек өткерген жылдарына) есептеледі.

37. Тыңдаушыларды алғашқы кәсіптік даярлықтан өтуге жіберген ІМ ведомстволары, ІМ және оның ведомстваларының қарамағындағы аумақтық органдар, ІМ және оның ведомстваларының қарамағындағы мемлекеттік мекемелері:

1) алғашқы кәсіптік даярлықты аяқтаған адамдарды кадр құрамына қабылдайды;

2) еңбек заңнамасына сәйкес тағылымдамадан өтушімен еңбек шартын бұзып, оған пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін өтемақы төлейді.

Лауазымға тағайындау ІІМ ведомстволарының, ІІМ және оның ведомстволарының қарамағындағы аумақтық органдардың, ІІМ және оның ведомстволарының қарамағындағы мемлекеттік мекемелер кадрына қабылданған күннен бастап бір ай ішінде жүргізіледі.

## **5. Алғашқы кәсіптік даярлықтан шығарудың негіздері**

38. Тыңдаушылар алғашқы кәсіптік даярлықтан төмендегідей негіздер бойынша шығарылады:

1) қорытынды бақылауды тапсыра алмаудан немесе оқу бағдарламасын орындамаудан байқалған үлгермеушілігі үшін;

2) ІІМ білім беру ұйымының жарғысында және ІІМ білім беру ұйымының ішкі тәртібі қағидаларында көзделген тәртіпті бұзғаны үшін;

3) өз қалауы бойынша;

4) Ұлттық қауіпсіздік органдары арнайы тексеруінің теріс нәтижесі.

ІІМ білім беру ұйымы бастығының тыңдаушыны алғашқы кәсіптік даярлықтан шығару туралы бұйрығының көшірмесі екі жұмыс күні ішінде ІІМ ведомстволарының, ІІМ және оның ведомстволарының қарамағындағы аумақтық органдардың, ІІМ және оның ведомстволарының қарамағындағы мемлекеттік мекемелерге жолданады.

ІІМ ведомстволары, ІІМ және оның ведомстволарының қарамағындағы аумақтық органдар, ІІМ және оның ведомстволарының қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің кадр қызметі тыңдаушымен еңбек келісімін бұзады және пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін өтемақы төлейді.

39. 37-тармақтың 1) және 2) тармақшалары бойынша тыңдаушыны шығару теріс қылық анықталған күннен бастап бір ай мерзім ішінде қызметтік тексеру қорытындысы негізінде жүзеге асырылады.

40. Алғашқы кәсіптік даярлықты аяқтаған адам құқық қорғау органында одан әрі қызмет өткеруден бас тартқан не үлгермеуіне және (немесе) тәртіп бұзуына байланысты, сондай-ақ өз еркімен құқық қорғау органдарының білім беру ұйымынан шығарылған жағдайда, ол даярлыққа, өзін даярлау кезеңінде стипендия төлеуге, тамағы мен тұру орнына жұмсалған бюджет қаражатын Заңның 11-бабының 7-тармағына сәйкес мемлекетке өтеуге міндетті.

**Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 03.07.2023 № 544 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ішкі істер органдарына  
кіретін адамдар үшін алғашқы  
кәсіптік даярлыққа іріктеу  
қағидалары және одан өту шарттары,

Ескерту. 1-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 22.09.2025 № 700 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## САУАЛНАМА

(өз қолымен толтырылады)

1. Тегі (егер өзгертсеңіз, бұрынғыны көрсетіңіз) \_\_\_\_\_

Аты \_\_\_\_\_

Әкесінің аты (ол болған жағдайда) \_\_\_\_\_

2. Азаматтығы \_\_\_\_\_

Егер өзгертсеңіз, онда қашан екенін көрсетіңіз \_\_\_\_\_

3. Сіз сотталдыңыз ба, қашан және не үшін \_\_\_\_\_

4. Шет елдегі оқуы немесе жұмысы \_\_\_\_\_

Болған елі \_\_\_\_\_

Болған уақыты \_\_\_\_\_

Жұмыс істеген немесе оқу орны \_\_\_\_\_

5. Сот шешімімен Сіз қабілетсіз немесе қабілеті шектеулі деп танылдыңыз ба, қашан,

не үшін \_\_\_\_\_

6. Сіз белгіленген мерзім ішінде мемлекеттік лауазымды атқару құқығынан айырылдыңыз ба, қашан, не үшін \_\_\_\_\_

7. Сіз мына лауазымды атқаратын ішкі істер органдары қызметкерінің жақын туысы (ата-анасы, баласы, қызы, асырап алушы, ата-анасы бір немесе ата-анасы бөлек ағалы-

інілер немесе апалы-сіңлілер және апасы, атасы, әжесі, немересі, күйеуі немесе әйелі)

боласыз ба:

1) Сіз үміттенген лауазымға тікелей бағыныстағы \_\_\_\_\_

— 2) Сіз үміттенген лауазым тікелей бағынатын \_\_\_\_\_

— 8. Қызметке қабылданар алдында орналасу алдында бір жыл ішінде қасақана құқық бұзғаныңыз үшін сот тәртібімен әкімшілік жазаға тартылдыңыз ба, қашан, не үшін \_\_\_\_\_

— 9. Қызметке қабылданар алдында үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық

бұзушылық жасағаныңыз үшін әкімшілік жазаға тартылдыңыз ба, қашан, не үшін

10. Сіз бұрын мемлекеттік қызметте болдыңыз ба \_\_\_\_\_, егер болсаңыз

жұмыстан шығу себебін көрсетіңіз \_\_\_\_\_

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ (қолы)

Ішкі істер органдарына  
кіретін адамдар үшін алғашқы  
кәсіптік даярлыққа іріктеу  
қағидалары және одан өту шарттары,  
сондай-ақ оларды алғашқы кәсіптік  
даярлықтан шығару негіздеріне  
2-қосымша  
нысан

Ескерту. 2-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 22.09.2025 № 700 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

#### Кадр есебі жөніндегі жеке ІС ПАРАҒЫ ЛИЧНЫЙ ЛИСТОК по учету кадров

1. Тегі \_\_\_\_\_

Фамилия

Аты \_\_\_\_\_

имя

әкесінің аты (ол болған жағдайда) \_\_\_\_\_

отчество (при его наличии)

2. Жынысы \_\_\_\_\_

Пол

3. Туған жылы, айы, күні \_\_\_\_\_

Год, число и м-ц рождения

4. Туған жері \_\_\_\_\_

Место рождения

(ауыл, деревня, кала, аудан, облыс, республика)

(село, деревня, город, район, область, республика) \_\_\_\_\_

5. Ұлты \_\_\_\_\_

Национальность

6. Азаматтығы \_\_\_\_\_

Гражданство

7. Білімі \_\_\_\_\_

Образование

|                                                                                              |                                                     |                                |                                                        |                                                                        |                                                                                                                                                                                                               |
|----------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------|--------------------------------|--------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Оқу орнының атауы және оның тұрған жері<br>Название учебного заведения и его местонахождение | Факультеті немесе бөлімі<br>Факультет или отделение | Түскен жылы<br>Год поступления | Бітірген немесе шыққан жылы<br>Год окончания или ухода | Бітірмесе, қай курстан кетті<br>Если не окончил то с какого курса ушел | Оқу орнын бітірген соң қандай біліктілік алып шықты, диплом не куәлік нөмірін көрсету керек.<br>К а к у ю квалификацию получил в результате окончания учебного заведения, указать № диплома или удостоверения |
|----------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------|--------------------------------|--------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

8. Ана тіліңіз, басқа қандай тілдерді және қай дәрежеде білесіз \_\_\_\_\_

Родной язык, какими другими языками владеете и в какой степени \_\_\_\_\_

(оқи аласыз ба әлде сөздікпен аудар аласыз ба, оқи аласыз ба әлде түсіне аласыз ба, еркін сөйлейсіз бе

читаете и переводите со словарем, читаете и можете объясняться, владеете свободно)

9. Ғылыми дәрежеңіз, атағыңыз \_\_\_\_\_

Ученая степень, ученое звание

10. Қандай ғылыми еңбектеріңіз бен ғылыми жаңалықтарыңыз бар \_\_\_\_\_

Какие имеете научные труды и изобретения

11. Сіз және сіздің жақын туысқандарыңыз\* сотты болғансыздар ма \_\_\_\_\_

Имеете Вы и Ваши близкие родственники\* судимость

(қашан және не үшін кім соттады, жазалау шарасы/кем, когда и за что осужден, мера наказания)

12. Еңбек жолын бастағаннан бері істеген жұмыстары (жоғары және арнаулы орта оқу

орындарында оқыған жылдарын, әскери қызметін, қоса атқарған жұмысын, т.б. қоса есептегенде).

Выполняемая работа с начала трудовой деятельности (включая учебу в высших и средних специальных учебных заведениях, военную службу, работу по совместительству и др.)

|                              |                                                |  |
|------------------------------|------------------------------------------------|--|
| Айы және жылы<br>Месяц и год | Қызметі, мекеме, ұйым,<br>кәсіпорын, сондай-ақ |  |
|------------------------------|------------------------------------------------|--|



|                      |                 |                                                                                                                                                          |                                                                                                             |
|----------------------|-----------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Келген<br>Вступления | Кеткен<br>ухода | министрлік (ведомство)<br>қоса көрсетілсін<br>Должность с указанием<br>учреждения, организации<br>, предприятия, а также<br>министерства (ведомства<br>) | Мекеме, ұйым,<br>кәсіпорынның тұрған<br>жері<br>Местонахождение<br>учреждения, организации<br>, предприятия |
|----------------------|-----------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

Бұл тармақты толтырғанда мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындар кезінде қалай аталса,

сол қалпында берілсін, әскери қызмет лауазымы округімен қоса көрсетілсін.

При заполнении данного пункта учреждения, организации и предприятия необходимо

именовать так, как они назывались в свое время, военную службу записывать с указанием должности, округа.

13. Жеке іс парағын толтырған кездегі отбасы жағдайы, Сіздің жақын туысқандарыңыз\*

Семейное положение в момент заполнения личного листка, Ваши близкие родственники\*

|                                           |                                                                                                      |                                                            |                                                       |                          |
|-------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------|--------------------------|
| Туысқандық<br>дәрежесі<br>Степень родства | Тегі, аты, әкесінің<br>аты (ол болған<br>жағдайда)<br>Фамилия, имя,<br>отчество (при его<br>наличии) | Туған жері, жылы,<br>айы, күні<br>Дата и место<br>рождения | Жұмыс орны,<br>лауазымы<br>Место работы,<br>должность | Тұрғылықты мекен<br>жайы |
| Туысқандық<br>дәрежесі<br>Степень родства | Тегі, аты, әкесінің<br>аты (ол болған<br>жағдайда)<br>Фамилия, имя,<br>отчество (при его<br>наличии) | Туған жері, жылы,<br>айы, күні<br>Дата и место<br>рождения | Жұмыс орны,<br>лауазымы<br>Место работы,<br>должность | Тұрғылықты мекен<br>жайы |

\*Жақын туысқандары: жұбайлар, олардың ата-аналары, аға-інілері, апа-қарындастары

(сіңлілері), балалары \* Близкие родственники: супруги, их родители, братья, сестры

,  
дети. Егер осы адамдар заңмен белгіленген тәртіпте тегін, атын, әкесінің атын өзгертсе

(болған жағдайда), олардың бұрынғы тегі, аты, әкесінің аты, сондай-ақ бұрынғы жұбайлар туралы деректер де көрсетілсін.

Указать и прежние фамилии, имена и отчества (при его наличии) этих лиц, если они изменили их в установленном порядке, а также данные на бывших супругов.

14. Шетелдерде болуы (жұмыс, қызметтік іссапар, делегация құрамында бару)

Пребывание за границей (работа, служебная командировка, поездка с делегацией)

|                             |          |                     |
|-----------------------------|----------|---------------------|
| Жылы мен айы<br>Месяц и год | Қай елде | Шетелге келу себебі |
|-----------------------------|----------|---------------------|

|                                         |                                     |                |                                |
|-----------------------------------------|-------------------------------------|----------------|--------------------------------|
| Қай уақыттан бастап<br>С какого времени | Қай уақытқа дейін<br>По какое время | В какой стране | Цель пребывания за<br>границей |
|-----------------------------------------|-------------------------------------|----------------|--------------------------------|

15. Сайланбалы органдарға сайлады немесе сайланды (қайда, қандай органдарға және

қашан)

В какие выборные органы избирался или избрали (где, в какие и когда) \_\_\_\_\_

16. Әскери қызметке қатысы \_\_\_\_\_

Отношение к воинской обязанности (әскери міндетті, әскери міндетті емес

Военнообязанный, невоеннообязанный) \_\_\_\_\_ (әскери-есепке алу

мамандығы, әскери атағы, әскери билетінің нөмірі және жеке нөмірі

военно- учетная специальность, воинское звание, номер военного билета и личный номер)

17. Қандай мемлекеттік наградаларыңыз бар \_\_\_\_\_

Какие имеете государственные награды

(қашан, кім немен наградады/когда, кем и чем награждены) \_\_\_\_\_

18. Паспорты \_\_\_\_\_

Паспорт (сериясы, нөмірі, кім және қашан берген, тіркелген мекен жайы серия, номер,

кем и когда выдан, адрес прописки) \_\_\_\_\_

19. Тұрғылықты мекен жайы \_\_\_\_\_

Место жительства

20 \_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_ Озінің қолы \_\_\_\_\_ г.

(толтырылған мезгілі/дата заполнения) Личная подпись

(Жеке іс парағын толтырушы қызметкер кейінгі өзгерістер туралы:

(білімі, ғылыми дәреже, атақ алуы т.с.с. қызмет орнына хабарлауға міндетті.

Бұл мағлұматтар жеке іс қағазына түсіріледі).

(Работник, заполняющий личный листок, обязан о всех последующих изменениях

(образовании, присвоении ученой степени, ученого звания и т.п. сообщить по месту работы для внесения этих изменений в его личное дело).

Ішкі істер органдарына  
кіретін адамдар үшін алғашқы  
кәсіптік даярлыққа іріктеу  
қағидалары және одан өту шарттары,  
сондай-ақ оларды алғашқы кәсіптік  
даярлықтан шығару негіздеріне  
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 22.09.2025 № 700 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ӨМІРБАЯН

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) /  
фамилия, имя, отчество (при его наличии))

Автобиография пишется кандидатом собственноручно, в произвольной форме, без помярок и исправлений, с обязательным указанием следующих сведений:

- фамилия, имя, отчество (при его наличии), дата и место рождения, национальность, родной язык, какими языками еще владеет;

- когда, где, в каких учебных заведениях учился, специальность по образованию;

- кем, когда и где работал с  
указанием полного наименования и адреса  
предприятия, учреждения или организации,  
причины перехода с одной работы на другую.

применялись ли меры дисциплинарного, материального или общественного воздействия ( когда, кем, за что, мера воздействия);

- әскери міндеттілікке қатысы, мерзімді әскери қызметке қашан және қандай қорғаныс жөніндегі істер басқармасы (бөлімі) шақырды (егер шақырылмаса, себебі көрсетілсін), қандай әскери бөлімдерде (нөмірлері көрсетілсін) және кім болып қызмет атқарды, Қарулы Күштерден запасқа қашан және қандай лауазымнан босатылған, әскери атағы;

- отношение к воинской обязанности, когда и каким управлением (отделом) по делам обороны призван на действительную военную службу (если не призвался, указать причину), в каких воинских частях (указать номера) и в качестве кого проходил службу,

когда и с какой должности уволен в запас Вооруженных Сил, воинское звание;

